

«Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ» КММ

2025–2026 оқу жылы бойынша

«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәтіндік есеп

2025–2026 оқу жылының I тоқсанында мектеп ұжымы мен сынып жетекшілері «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жоспарланған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырды. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары — еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, отбасылық құндылықтар, отаншылдық пен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу болды.

Қыркүйек айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы ретінде белгіленіп, ай бойы оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыруға, мамандыққа қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған түрлі іс-шаралар өтті.

1 қыркүйекте «Мектеп – мейірім мекені!» атты Білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылып, жаңа оқу жылының басталуы аталып өтті. Білім алушыларға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, «Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» тақырыбында сынып сабағы өткізілді.

Алдын-алу шаралары бойынша жоспар құрылып желтоқсан және ақпан айына өтілетін іс-шаралар аудандық білім бөлімімен бекітілді.

Қыркүйектің екінші аптасында Отбасы күніне орай «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі ұйымдастырылып, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған шаралар өтті. «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында отбасылық видеороликтер жасалынып әлеуметтік желіге жарияланды

5-қыркүйек - тіл мерекесіне орай оқушылармен апталықтың ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Гульмира Сайлауқызы викториналық ойындар ұйымдастырды.

3-сынып жетекшісі Альжанова Махаббат Амангельдіқызының және 8-сынып жетекшісі Альжанова Сауле Қайыргелдіқызының сынып сағаттары жүйелі түрде өтіліп, фотолары әлеуметтік желіге жарияланып отырды

Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында Күзгі балл мерекесі өті. Ұйымдастырылған 8-сынып оқушылары және Сәуле Қайыргелдіқызы. Оқушылардың салған суреттері, қабырға газеттері, колөнер бұйымдары әлеуметтік желіге жарияланды.

Қазан айы «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы ретінде өтті. Ай басында Халықаралық қарттар күні мерекелік концерт ұйымдастырылды. Жауапты Маржан Ескейқызы және 6-7 сынып оқушылары. «Қуаныш сыйлайық» акциясы аясында оқушылар қарттарға құрмет көрсетіп, концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

Мұғалімдер күні қарсаңында «Даналық ұстаздан» челленджі мен «Дублер күні» өтті, бұл шаралар оқушылардың ұстаз еңбегіне деген құрмет сезімін арттырды..

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектебіміздің оқушылары бейсенбілікке екі мәрте шығып ауыл көшелерін қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізді.

Қазан айының соңында Республика күніне орай «Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің қос тірегі» атты жалпы мектептік іс-шара және туған өлкесінің ақын-жазушыларының шығармашылығына арналған кітап көрмесі өткізілді. Республика күніне орай 5-сынып оқушылары және Қымбат Қармошқызы мерекелік концерт ұйымдастырды. Барлық сыныптар сынып сағаттарын өткізді.

23 қазан күні Біржан сал ауданының құрметті азаматы Мұрат Қажы Ыдырысұлының «Абылай ханнан Абыз Тоныкөкке дейін» атты тарихи кітабының таныстырылымы өтті.

Кітап таныстырылымы барысында автор қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдер мен ұлы тұлғалардың, Абылай ханның ел тағдырындағы рөлін терең талдап берді.

Оқушылар мен ұстаздар авторға сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті. Іс-шара соңында Мұрат Қажы Ыдырысұлы қатысушыларға кітаптан қолтаңба беріп, естелік суретке түсті. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың және буллингтің алдын алу бағытында «Қауіпсіз мектеп», «Өмірге салауатты қадам» жобалары аясында түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Қорытындылай келе I тоқсанда өткізілген іс-шаралар оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға, адалдық, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **2025–2026 оқу жылының 2-тоқсанында** мектепте оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық жауапкершілік, адалдық пен еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

2-тоқсан барысында тәрбие жұмыстары бағдарламаның негізгі құндылықтары – **адалдық, әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік, еңбекке құрмет, бірлік пен ынтымақ** бағытында ұйымдастырылды.

Тоқсан аясында «Адалдық – адамдықтың айнасы», «Адал азамат – ел тірегі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері оқушыларға адал болу, шыншылдық пен жауапкершіліктің маңызы туралы түсіндіріп, өмірлік жағдаяттар арқылы ой қозғады. Оқушылар өз пікірлерін білдіріп, белсенділік танытты.



Сонымен қатар «Заң және тәртіп», «Әділ қоғам – адал азамат» тақырыптарында тәрбие және танымдық сабақтар ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар барысында оқушыларға құқықтық сауаттылық, заңды сақтау, қоғам алдындағы азаматтық міндеттер туралы түсінік берілді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тәрбие – рухани негіз», «Салт-дәстүр – ұрпақ тәрбиесінің бастауы» тақырыптарында сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Оқушылар қазақ

халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәнін түсініп, ұлттық болмысты құрметтеуге тәрбиеленді.



Қайырымдылық пен ізгілікке баулу бағытында «Жақсылық жаса» акциясы ұйымдастырылып, оқушылар әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға көмек көрсетуге атсалысты. Бұл шара оқушылардың мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық қасиеттерін дамытуға ықпал етті.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында **2025 жылғы 27 қарашада** 6–8 сыныптар арасында «**Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы**» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы мәлімет алып, олардың тәрбиелік мәнін түсінді.

Қайырымдылық пен жанашырлыққа тәрбиелеу мақсатында **2025 жылғы 4 желтоқсанда** 7–9 сынып оқушыларының қатысуымен «**Жақсылық жаса**» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылар мұқтаж жандарға көмек көрсетуге атсалысып, ізгі істердің маңызын түсінді.



Еңбек тәрбиесі бағытында **2025 жылғы 11 желтоқсанда** 5–9 сынып оқушылары арасында «**Таза мектеп – адал еңбек**» атты еңбек шарасы өткізілді. Оқушылар мектеп ауласын тазалау, сынып бөлмелерін ретке келтіру жұмыстарына белсенді қатысты.

Сонымен қатар **2025 жылғы 12 желтоқсанда** барлық сыныптарда «**Адал азамат – ел тірегі**» тақырыбында Прокурормен сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар алған тәрбиелік білімдерін қорытындылап, адал азамат болу туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Оқушылар арасында патриоттық тәрбиені қалыптастыру мақсатында, және «**Мектеп театры**» **Шабыт жобасы** аясында 16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай 7-11 сынып оқушылар «**Тәуелсіздік- елімнің тірегі**» тақырыбында қойылым қойды.

Қорытындылай келе, **2025–2026 оқу жылының 2-тоқсанында** «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, адалдық пен әділдікке тәрбиелеуге және қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына оң ықпал етті. Тәрбие жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.





Жаңа жыл мерекесіне орай мектепте барлық жас ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа жылдық шырша мерекесін ұйымдастыру жөнінде жоспар құрылды. Жоспар негізінде мерекелік іс-шаралар кезең-кезеңімен өткізілді.

«Болашақ» шағын орталығы мен мектеп алды даярлық сыныбы үшін 25 желтоқсан күні сағат **10:00-де** жаңа жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды. Мерекеге тәрбиеленушілер, сынып жетекшілері мен ата-аналар қатысты. Балалар Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен тапқақ айтып, ән салып, би биледі. Түрлі қызықты ойындар ойнатылып, бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар табысталды. Шара балалардың көңіл-күйін көтеріп, жаңа жылға деген қуанышын арттырды.



Бастауыш сынып оқушылары үшін

25 желтоқсан күні сағат **15:00-де** бастауыш сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық шырша мерекесі өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар мерекелік қойылымдар көрсетіп, жаңа жылға арналған әндер мен билер орындады. Әртүрлі танымдық және сергіту ойындары ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Мерекенің соңында барлық қатысушыларға сыйлықтар берілді.



5–11 сынып оқушылары үшін

26 желтоқсан күні сағат **15:00-де** жоғары сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық кеш өткізілді. Мерекелік бағдарламаға оқушылардың шығармашылық номерлері, заманауи би, ән, сахналық көріністер енгізілді. Сонымен қатар «Жаңа жыл – жаңа үміт» тақырыбында ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасалды. Барлық өтілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.


Жалпы алғанда, жаңа жылдық шырша мерекелері жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өтті. Барлық жас ерекшеліктері ескеріліп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мерекелік көңіл-күй қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды. Мерекелік шаралар оқушылардың бір-

бірімен достық қарым-қатынасын нығайтып, жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуға мүмкіндік берді.

2025–2026 оқу жылының III тоқсанында «Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ» КММ-де тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы және аудандық білім бөлімінен ұсынылған жоспар негізінде жүйелі түрде жүргізілді.

Тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық, патриотизм құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұлға тәрбиелеу.

3-тоқсан барысында барлық сыныптарда апта сайын қауіпсіздік сабақтары мен сынып сағаттары жүйелі түрде өткізілді. Сабақтарда оқушыларға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, түрлі жағдаяттарда дұрыс әрекет ету дағдылары қалыптастырылды. Жоспарлы жұмыстар толық орындалып, оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталды.



“Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ” КММ – де салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұржанов Бақытжан Жатайұлы 5-11 сынып оқушылары арасында “Шаңғы шақырады” челленджін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1DtchWFshv/?mibextid=wwXlfr>

Мектебімізде үзіліс уақытында оқушылардың уақыты ұлттық ойын түрінде өтуде және “Балалар кітапханасы” жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағытында түрлі іс-шаралар атқарылуда.



Мектебіміздің оқушылары “Ақмола дарыны” дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы жоспарына сай ұйымдастырылған аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасына қатысып «Жас қаламгер» номинациясы бойынша Ташева Дариға 3 орын, «Білгірлер» номинациясы бойынша Ескендір Мөлдір 3 орын, «Әнші бұлбұлдар» номинациясы бойынша Әнәс Алинур белсене қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.




Мектебімізде қаңтар айы «Заң және тәртіп» айы болуына байланысты өтілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Оқушылар арасында «Өз құқығыңды біл» құқықтық ақпараттық челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1KoMF5CjpU/?mibextid=wwXIfr>
<https://www.facebook.com/share/v/1CAZVAQ17V/?mibextid=wwXIfr>

Жастар ресурстық орталығы мен Біржан сал ауданының Ауған соғысы ардагерлерінің ұйымдастыруымен Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына орай әскери-патриоттық сайыс өткізілді.

Аталған сайысқа мектебіміздің командасы қатысып, жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жүлделі **I орынды** иеленді. Команда жетекшісі – Смағұлов Ж.К.



9-ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Үздік оқыған оқушылардың видеороликтары әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/165gBnumAo/>




"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай өзін-өзі басқару ұйымы "Буллинг фактілерін анықтау" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың психологиялық жайлылығы мен қауіпсіздігін сақтау, жағымсыз құбылыстардың алдын-алу.

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 7-сынып жетекшісі Сауле Қайыргелдіқызы оқушылармен "Мейірімді болайық" тақырыбында видеоролик дайындады.

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай ТІМ Г.А.Бопанова және психолог Б.А.Сманова, әлеуметтік педагог Р.Ж.Сатыбалдинова "Кибербуллинг жайлы әңгімелесейік" тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен психологиялық кездесу ұйымдастырды. Кездесуге Біржан сал аудандық білім бөлімінің әдіскері Қырықбесова Алмагуль Сериковна, Біржан сал аудандық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторы қатысып оқушыларға баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 1-7 сынып оқушылары арасында сурет сайысы, 8-11 сынып оқушылары арасында плакат сайысы ұйымдастырылды.



"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 5-11 сынып оқушыларына "Кибербуллинг дегеніміз не?" ақпараттық қағаздар таратылды. Дәлізге Буллинг және Кибербуллинг жайлы стенд ілінді.



«Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ» КММ-де көрнекті тұлға, ел мақтанышы Шәрәпи Әлжановтың туғанына 125 жыл толуына орай ауқымды тәрбиелік мәні зор іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға тарихи тұлғаның өмірі мен еңбегін насихаттау, елжандылыққа, отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу болды.

Шара барысында оқушыларға Шәрәпи Әлжановтың өмір жолы, қоғамдағы орны мен ел дамуына қосқан үлесі кеңінен таныстырылды

Аталған іс-шараны ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізуге тарих пәні мұғалімдері Барболова Әсемгүл Мағауқызы мен Сүлейменова Сулушаш Базарқызы үлкен үлес қосты.



Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық Асық ату чемпионатына мектебіміздің 8-сынып оқушылары Әнәс Алинур, Ескендір Нурали, 10-сынып оқушысы Қайрат Мағжан қатысып жүлделі 3-орын иеленді. Жетекшісі Нұржанов Б.Ж.



«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы бойынша 5,6 сынып оқушылары арасында өткен аудандық «Үстел теннисі» сайысында командалық есепте 5-сынып оқушылары Сайран Даяна, Әнәс Ертілес, Сағынбай Нұрислам қатысып 3 орын иеленді.



Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу, есірткі құралдарын заңсыз айналымның алдын-алу, теріс көзқарас қалыптастыру мақсатында профилактикалық фильмдер көрсетілді.



Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 1-11 сынып оқушылары «Алғыс айту» күніне құттықтау видеороликтерін түсірді. Барлық видеороликтер әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CAZVAQ17V/?mibextid=wwXlfr>

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде мерекелік концерт ұйымдастырылды. Ишара барысында оқушылар ән айтып, би билеп, аналар мен ұстаздарға жүрекжарды тілектерін арнады. Кеш ерекше көңіл-күйде өтіп, көрермендерге көтеріңкі рух сыйлады.



8-11 сыныптар арасында өткен аудандық «Абай оқулары» шығармашылық конкурсына мектебіміздің 9-сынып оқушысы Ташева Дариға қатысып, жүлделі 3-орын иеленді.



Балаларды ғылыми-техникалық шығармашылыққа, техникаға, жоғары технологияларға қызығушылығын таныту және білім берудегі замануи технологиялардың бағыттары ретінде робототехника бойынша үйірмелердің білім беру процесін қолдау мақсатында аудандық робототехника сайысына 7-сынып оқушылары Еркін Айтуар және Сағынбай Нұрали қатысып мақтау қағазымен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Жетекшісі Қайдарова М.Е.



22- Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай Наурызнама жоспары құрылды. Жоспар негізінде әр күн сайын аталған мерекелер өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.



Мектебімізде Наурызнама жоспары негізінде және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы қарсаңында 14-наурыз -Көрісу күні - Амал мерекесі аталып өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1WnE2YRjii/>

1-4 сынып жетекшілері оқушылармен “Көрісу күні- ынтымақ пен берекенің бастауы!” тақырыбында тәрбие сағатын өтті.



15-наурыз - Қайырымдылық күні. Мектебіміздің оқушылары жалғызбасты қарияның үйіне барып қар тазалап, қайырымдылық көмек көрсетті.



17 наурыз-Шаңырақ күні

Бұл күн Наурыз мейрамы қарсаңындағы маңызды күндердің бірі және ол отбасы құндылықтарын, бірлік пен татулықты дәріптейді. “Шаңырақ” – қазақ мәдениетінде отбасының, ошақтың, тұтастықтың символы саналады.



18-наурыз - Мәдениет және Ұлттық салт-дәстүр күні.



Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.

Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері ғасырлар бойы дамып, сақталып келеді. Бұл мұра тек күнделікті тұрмыс-тіршіліктің көрінісі ғана емес, халықтың дүниетанымын, рухани және материалдық байлығын бейнелейтін қазына. Сол бай қазынаның ішіндегі қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары ерекше орын алады. Әшекейлер қазақ әйелдерінің күнделікті киім үлгісінің ажырамас бөлігі ғана емес, халықтың рухани болмысы, мәдениеті мен тарихынан сыр шертетін символдық мәнге ие болған.

Осы орайда Наурызанама жоспарына сай ұлттық мәдениетті ұлықтау мақсатында мектебіміздің «Наурыз- жыл басы» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ән айтып, би билеп, салт-дәстүрлерден көріністер көрсетті. Кеш жоғары деңгейде өтіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.



Оқушылардың көктемгі демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік талаптарымен таныстырылғаны жөнінде қолхат алынды.

2025–2026 оқу жылының 4-тоқсаны барысында мектепте “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жоспарланған тәрбиелік іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылды. Негізгі мақсат – оқушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, патриотизм және әлеуметтік белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.

Тоқсан барысында сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, пікірталастар мен кездесулер ұйымдастырылды. “Адалдық – ардың ісі”, “Жауапкершілік – басты құндылық”, “Таза қоғам – өзіңнен басталады” тақырыптарында өткен шараларда оқушылар адалдықтың мәнін түсініп, өз ойларын ортаға салды.

Экологиялық бағытта “Таза Қазақстан” акциясы өткізілді. Оқушылар мектеп ауласын тазалау, көгалдандыру жұмыстарына қатысып, табиғатқа деген жауапкершілігін көрсетті. Бұл шара еңбекке баулу мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті.


Құқықтық тәрбие бағыты бойынша “Заң және біз” тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілді. Нәтижесінде тәртіп бұзушылық жағдайлары орын алған жоқ.



Әлеуметтік жобалар аясында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- **“Мейірімді жүрек” қайырымдылық жобасы** – аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Оқушылар киім-кешек, оқу құралдарын жинап, мұқтаж жандарға ұсынды.
- **“Қамқорлық” жобасы** – жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету бағытында жүзеге асырылды. Оқушылар аулаларын тазалауға, үй шаруасына көмектесіп, үлкендерге құрмет көрсетті.
- **“Таза аула” әлеуметтік жобасы** – оқушылар өз үйлерінің және мектеп маңының тазалығына жауапкершілікпен қарап, сенбіліктер ұйымдастырды.
- **“Кітап сыйла” жобасы** – мектеп кітапханасын толықтыру және кітап оқуға қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Оқушылар өз кітаптарымен бөлісіп, игі іске атсалысты.
- **“Жақсылық жаса” челленджі** – оқушылар күнделікті өмірде жасаған жақсылықтарын бөлісіп, бір-біріне үлгі көрсетті.

Аталған әлеуметтік жобалар оқушылардың бойында жанашырлық, мейірімділік, әлеуметтік жауапкершілік және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға үлкен әсер етті.



Сонымен қатар, жазғы демалыс қарсаңында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері бойынша сынып сағаттары** өткізілді. Аталған сабақтарда судағы қауіпсіздік, жолда жүру ережелері, өрттің алдын алу, табиғат аясындағы қауіпсіздік және интернеттегі қауіпсіздік мәселелері кеңінен түсіндірілді. Оқушыларға нақты мысалдар келтіріліп, қауіптің алдын алу жолдары таныстырылды. Бұл жұмыстар оқушылардың өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауына бағытталды.

“Адал азамат” бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етті.



2025–2026 оқу жылы барысында “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілген тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып, өз нәтижесін көрсетті. Жыл бойы оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыру, адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылы ішінде түрлі бағыттағы тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, әлеуметтік жобалар, қайырымдылық акциялары, құқықтық және экологиялық бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылды. Әлеуметтік жобалар арқылы оқушылардың мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттері дамып, қоғамға деген оң көзқарасы нығайды.

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылы барысында “Адал азамат” бағдарламасы аясында атқарылған тәрбие жұмыстары тиімді жүзеге асырылып, оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың саналы, тәрбиелі, белсенді азамат болып қалыптасуына негіз болды. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

ТІМ: Г.А.Бопанова

